

**ГЕОГРАФИЯДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА, 2017 ж.
ЖАЗБАША ТУРДЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ
10-СЫҢЫП**

ТАПСЫРМА 1. Есепті шешіңіз.

Есеп 1. А тауының шыңында атмосфералық қысым 360 мм сынап бағанасына тең, С тауының шыңында сынап бағынасы – 180 мм. Егер олардың етегінде атмосфералық қысым қалыпты жағдайда болса, С тауы А тауынан қанша шақырымға биік орналасқан?

Есеп 2. Масштабы 1: 600 000 картада А және В станциялары арасындағы қашықтық 52 см-ге тең, масштабты 1: 500 000 картадағы А және С станциялары арасындағы қашықтық - 52 см. А және В станциялары арасындағы арақашықтық А және С станциялары арасындағы арақашықтықтан қаншаға кем?

Есеп 3. Токио мен Пекиннің ара қашықтығы тура 30 см-ге тең, шындығында ол - 1500 шақырым. Картаның масштабын анықтаңыз.

Есеп 4. Теңіз деңгейінен 2205 метр биіктікте атмосфералық қысым 550 мм сынап бағанасына тең екендігі белгілі. Төмендегі биіктіктердегі атмосфералық қысымды анықтаңыз:

- а) теңіз деңгейінен 3255 м биіктікте
- б) теңіз деңгейінен 0 метр биіктікте

Бағалау өлшемдері: Әрбір дұрыс шешілген 1,2,3 есептерге - 2 ұпайдан. 4- есепке – 4 ұпай (есептің әрбір дұрыс шешілген бөлігіне 2 ұпайдан). **Барлығы – 10 ұпай.**

ТАПСЫРМА 2.

Желдің таралуы жергілікті жердегі атмосфералық қысым мен жер бедеріне байланысты. Қазақстан орналасқан ендіктерде тұрақты батыс желдері басым екені белгілі. Алайда, біздің республикамыздың аумағында «жергілікті» желдер де соғады. 1-кестедегі сипаттамалар бойынша осы жел түрлерін анықтаңыз.

Кесте 1

	Атауы	Сипаты	Жылдамдығы	Басымдыққа ие аумағы
1		Алғаш рет бұл желді Ш.Уәлиханов сипаттаған. Жылы жел жылына орта есеппен 70-100 күн соғады.	60-80 м/с	Жетісу Алатауының оңтүстік-шығысында Қытай аумағында орналасқан көл шұңқырының үстінен соғады
2		Бұл желдің ұзақтығы 2-3 күн, ол қатты қарлы боранмен және бұрқасынмен қатар жүріп, мал шаруашылығы мен балық аулауға зиянын келтіріп, көлік жұмысын қиындатады.	50-60 м/с	Жетісу қақпасы арқылы атауы бір жотадан Орталық Азияға қарай және керісінше соғатын жел

3	Іле аңғарында Шелек өзенінің бастауындағы мұздықтар аймағынан суық ауаның қозғалысы нәтижесінде пайда болған таулы-аңғарлы жел. Бұл жел күндіз солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай өзені аңғарын бойлай, ал түнде - карама-қарсы бағытта соғады. Қыста бұл жел күшейе отырып, күртік кар қалыптастырады және көлік қозғалысын қиындатады.	8-10 м/с	Іле аңғары
4	Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейінде орналасқан Арыстанды өзенінің бойымен үздіксіз соғатын таулы-аңғарлы жел. Мойынкүм шөлі арқылы өткенде құмды дауылға айналады.	35 м/с дейін	Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейінде орналасқан өзен бойымен үздіксіз соғады
5	Атауы бір асу үстінен соғады. Жазда ең жоғарғы жылдамдығы 28 м/с, көктемде және күзде 34 м / с. Кейде желдің жылдамдығы 40 м/с (144 км/сағ) дейін жетеді. Осы жел күшін пайдаланатын жел электрлік құрылғылар жақын жатқан Мүзбелді елді мекенін электр энергиясымен қамтамасыз етеді.	40 м/с дейін Жазда ең жоғарғы жылдамдығы 28м/с, көктемде және күзде 34 м/с.	Кіндіктас тауы мен Жетіжол жотасы арасында соғады
6	Бұл желдің пайда болуы жер бедері және атмосфералық циркуляциямен байланысты. Бұл желдің жылдамдығы 50 м/секундке жеткенде, ол күшті дауылға айналады.	20-30 м/с	Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарының аумағында байқалады

Бағалау өлшемдері: Әрбір дұрыс шешілген тапсырмаға - 1 ұпайдан. **Барлығы – 6 ұпай.**

ТАПСЫРМА 3.

Берілген сипаттама бойынша Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеп жатқан компанияларды анықтаңыз. Компаниялардың атауын анықтап, оларды 2-кестеде көрсетілген компаниялар логотиптерімен сәйкестендіріңіз.

№	Сипаттама	Логотиптің әріптік белгісі
1	Қазақстандағы көптеген кәсіпорындар сияқты бұл фабрика Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі эвакуацияланудан кейін екінші үйін тапты. Бұл фабриканың бастапқы кезеңі Астраханнан жабдықтармен бірге бірінші эшелонның келуінен басталды. Жарты ғасырлық тарихында бұл компанияның жалпы өндірістік қуаты 1 млн. тоннадан астам болды.	
2	Бүгінгі бұл компанияның негізі ... 1941 жылдың тамызында Жалпыодақтық «Ювелирторг» кеңсесінің тәуелсіз Қазақ бөлімі ретінде қаланды. Ол қазіргі таңда 20-дан астам зергерлік дүкендерімен өз ұстанымдарын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар құндылықтар мен дәстүрлерді сақтап және көбейтіп отырған кеңестік заманнан бергі жалғыз сауда ұйымы болып табылады.	
3	Бүгінгі таңда бұл компания ет, шұжық және консервіленген өнімдер шығаруға маманданған кәсіпорын болып табылады. Комбинаттың ет-консерві өнімдерін өндірудегі өндірістік қуаты - бір ауысымда 35 мың қалбыр; шұжық, тартылған ет және тұшпара өндіру бойынша - бір ауысымда 10 тонна. Зауыт 1931 жылы құрылды.	
4	Макарон- ұн тарту өнеркәсібіндегі жетекші кәсіпорын. Ол макарон, ұн және оған жататын өнімдердің 38 түрін шығарады. Компания 1996 жылы құрылды. Ол Қазақстанның 11 өңірінде және 7 шет мемлекеттерде өз қызметін атқарады. Кәсіпорынның штатында 200-ден астам қызметкер жұмыс істейді. Өз өнімдерін Ресей, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Моңғолия, Түркіменстан, Литва, Беларусь, Германия және Қытайға экспорттайды.	
5	Бұл компания - әлемдік атом өнеркәсібінің көшбасшысы және әлемдегі жетекші уран өндіруші. Компания 1997 жылы құрылды. Штаб-пәтері Астана қаласында орналасқан, қызметкерлер саны- 27 752 адам. Жалпы айналымы 39,7 млрд теңгені құрайды (2015 ж.).	
6	Қазақстандағы азық-түлік және сусын саласындағы жетекші компания. Негізі 1994 жылы қаланған бұл компания қазіргі таңда жалпы қуаты жылына 750 млн литрді құрайтын Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігінде 4 өндірістік объектілерді біріктіреді. Компанияның мақтаньшы -«Ақсеңгір» өндірістік-логистикалық орталығы болып табылады. Ол Орталық Азиядағы ең озық зауыттардың бірі. Зауыт аумағының ауданы - 21 га. Бұл компания шамамен 2 мың. адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.	

7	<p>Осы компанияның негізін қалаушы Вальдемар Айфельд Қазақстанда сыйлықақылы (премиальные) сувенирлер нарығында монополистке айналды. Оның жылдық айналымы ондаған миллион доллар. Компания 2006 жылы құрылған және бүгінгі таңда ол еліміздің ірі қалаларында кең аймақтық желілерін (шамамен 30 бутиктер) қалыптастырды. Барлық өнімдері топтамаға жинақталады, мысалы: «Silk Way», «Тәуелсіздікке 20 жыл», «Түркістан реликвиясы», «Астана», «Ислам», «Мирас» және т.б.</p>	
д	<p>Осы ұйымның бас компаниясы - Cyprium Holding Limited. Компанияның тарихы 1913 жылдан, Жезқазған мыс кен орнында алғашқы ауқымды тау-кен және мыс рудасын дайын өнім алу үшін өңдеу жұмыстары басталған уақыттан бастау алады. 2013 жылы бұл компанияның қызметкерлер саны 57 мың адамды құрады. 2013 жылы компанияның айналымы 3099 млрд. долларды құрады.</p>	



A



B

НА ВСЮ ЖИЗНЬ



C

	D
	E
	F
 <p data-bbox="400 1357 667 1391">Восток - дело вкусное!</p>	G
	H

Бағалау өлшемдері: Компанияның атауын дұрыс көрсеткені үшін – 0,5 ұпайдан, логотип атын дұрыс тапқаны үшін – 0,5 ұпайдан. **Барлығы – 8 ұпай.**

ТАПСЫРМА 4.

3-кестеде алты аралдық мемлекеттің атауы мен географиялық координаттары (әкімшілік орталықтың) берілген. Осы мемлекеттерде анықтаңыздар.

	Мемлекет немесе аумақ	Астанасы немесе әкімшілік орталығы		Жалауы
		Атауы	Географиялық координаттары	
1	А	Хониара	9 ° 28' о.е. 159 ° 49' ш.б.	
2	В	Морони	11 ° 42' о.е. 43 ° 15' ш.б.	
3	С	Розо	15 ° 18' с.е. 61 ° 23' б.б.	
4	Д	Порт-Луи	20 ° 10' о.е. 57 ° 30' ш.б.	
5	Е	Сент-Джорджес	12 ° 02' с.е. 61 ° 44' б.б.	
6	Ғ	Нгерулмуд	7 ° 30' с.е. 134 ° 37' ш.б.	

Бағалау өлшемдері: Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпайдан. **Барлығы – 6 ұпай.**

ТАПСЫРМА 5.

Жер шарында ауданы 50 мың шаршы шақырымнан асатын, яғни үлкен емес еуропалық мемлекеттің аумағындай 27 аралдар бар. Әрбір үлкен арал - бұл өзінің ерекше табиғаты, халықтың қоныстануы мен игерілуі тарихы, халықтың этникалық құрамы, әсіресе шаруашылығының даму ерекшелігі бар жеке бір әлем. Сонымен қатар, әрбір арал қандай да бір, кейде бірнеше табиғат зонасының бөлігі болып табылады. Келтірілген сипаттамға сәйкес 4-кестені толтырыңыз.

* «Аралдың ірі елді мекені» бағанында аралдық мемлекет астанасы басымдыққа ие болып табылады. Яғни, егер аралда елдің астанасы және ірі қала орналасқан болса, кестеде сіз астанасын көрсетуіңіз керек.

1. Аумағының көлемі бойынша әлемнің бұл төртінші аралы алтын, мыс және темірге бай. Аралдың жануарлар мен өсімдіктер әлемі бірегей болып келеді. Мұнда әлемдегі өсімдіктер мен жануарлар түрінің 5% шоғырлаған және олардың 80% тек осы аралды кездеседі.
2. Үш мемлекет арасында бөлінген жалғыз теңіздік арал. Аралды 1521 жылы Магелланның экспедициясындағы теңіз жүзушілер ашты. Ең биік нүктесі – Кинабалу тауы. Биіктігі- 4095 метр.
3. Арал 1492 жылы ашылған және еуропалық елдердің бірінің құрметіне аталған. Қазіргі заманғы атауы кейінірек пайда болды. Мұнда батыстан шығысқа созылып жатқан төрт тау жоталары бар таулы жер бедері басым. Аралдың фаунасы сүтқоректілерге кедей болып табылады; мұнда жыртқыштар жоқ. Аралда жойқын жер сілкінісі жиі қайталанып тұрады, олардың бірі ХХІ ғасырда болды және жүз мыңдаған адамдардың өліміне әкеліп соқты.
4. Әлемде ауданының көлемі бойынша 17-ші орындағы арал. Жер бедері орта таулы, ең биік тауы- Пулог тауы (2934 м). Аралда сөнген (Араят) және сөнбеген (Майон және басқалар) жанартаулар бар. Аралдың ауданы 104 мың шаршы шақырымнан аз ғана артық, мұнда шамамен 40 миллион адам тұрады. Бұл аралда елдің ең ірі екі қаласы орналасқан. Олар-елдің астанасы мен Кесон-сити аралы қарайтын, халық ең көп қоныстанған қала.
5. Арал - толығымен аралдарда орналасқан, аумағының көлемі бойынша елде екінші орында тұр. Оның аумағы таулар мен жазықтықтар арасында тең бөлінеді. Жазда мұнда жиі жаңбыр жауады, ал қыста қар жатады; сондықтан өз елінде бұл аралдың климаты ең қатал болып саналады. Аралды титулды ұлттан басқа, шығу тегі әлі белгісіз байырғы тұрғылықты аз санды ұлт өкілдері де мекендейді.

Кесте 4

№	Аралдың атауы	Басым табиғи зона	Аралды иеленуші ел (елдер)	Аралдың ең ірі елді мекені
1				
2				
3				
4				
5				

Бағалау өлшемдері: Әрбір дұрыс аталған арал үшін – 0,5 ұпайдан, басымдыққа ие табиғи зонасын дұрыс атағаны үшін – 0,5 ұпайдан, аралға иелік ететін елді анықтағаны үшін – 0,5 ұпайдан, аралдың ең ірі елді мекенін дұрыс анықтағаны үшін – 0,5 ұпайдан. **Барлығы: 10 ұпай**

ЖАЛПЫ: 40 ұпай